

Баға түзудегі бағаның өсуі мен мониторинг белгілеудің негізділігіне бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 шілдедегі N 910 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Баға түзудегі бағаның өсуі мен мониторинг белгілеудің негізділігіне талдау және бақылау жасауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мәліметтер жинау мен өңдеу жөніндегі:

монополиялы өндірілетін тауарларға (жұмыстар, қызмет көрсетулер) баға белгілеу туралы;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік аталымды тіркеліміне - табиғи монополистер мен Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер - монополистер өндіретін тауарларға (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жұмсалған шығындар құрамы туралы жұмыстарды Статистикалық жұмыстар регламентіне енгізсін;

2. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1996 жылдың 1 тамызына дейін шаруашылық жүргізуші субъектілер - монополистер, сондай-ақ баға деңгейі мен шығындардың өзгеруін байқау қажет олар өндіретін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) тізбесін айқындасын;

алдағы жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық саясат жөніндегі Мәлімдемесін әзірлеу үшін жыл сайын 10 желтоқсанға дейін кәсіпорындар - табиғи монополистер өнімдерінің бағасын өзгертудің болжамды индекстерін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ұсынсын;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп тоқсан сайын монополиялы өндірілетін тауарларға (жұмыстар, қызмет көрсетулер) белгіленген баға өткізілген мониторинг негізінде монополиялық рыноктардағы бағаның өзгергені жөніндегі талдамалық баға мәліметтерін Үкіметке ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған бюджет әзірлеген кезде:

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне кәсіпорындар-монополистердің нақты шығындарына бақылау жасауды күшейту үшін 35 адам;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне монополиялы өндірілетін тауарларға (жұмыстар, қызмет көрсетулер) белгіленген бағалар мен шығындар туралы мәліметтер жинау жөніндегі жұмыстарды орындауға штат санын көбейту және тиісті қаражаттар бөлу жөніндегі мәселелерді қарасын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрінің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК